

Қазақстан Республикасының аумағында еңбек қызметін жүзеге асыру үшін шетелдік жұмыс күшін тартуға 2008 жылға арналған квота белгілеу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 28 желтоқсандағы N 1336 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасының аумағында еңбек қызметін жүзеге асыру үшін шетелдік жұмыс күшін тартуға 2008 жылға арналған квота республиканың экономикалық жағынан белсенді халқына шаққанда 1,60 пайыз мөлшерінде, оның і ш і н д е :

бірінші және екінші санатқа (ұйымның басшы құрамы, жоғары және арнайы орта кәсіптік білімі бар мамандар) - 0,60 пайыз;

үшінші санатқа (білікті жұмысшылар) - 0,93 пайыз;

төртінші санатқа (маусымдық ауыл шаруашылығы жұмыстарымен айналысатын жұмысшылар) - 0,07 пайыз мөлшерінде белгіленсін.

2. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі